

Бородулиха ауданы бойынша көшпелі сауданы жүзеге асыруға арналған орындарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № 387 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 желтоқсанда № 7913 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 22.02.2023 № 57 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 22.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8 - бабының 3 - тармағына, 27 - бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) Ішкі сауда ережесінің 102 - тармағына сәйкес, Бородулиха ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Бородулиха ауданы бойынша көшпелі сауданы жүзеге асыруға арналған орындар белгіленсін.

2. "Бородулиха ауданының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Бородулиха ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына ресми түрде жариялауға жіберілуін;
- 3) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Бородулиха ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бородулиха ауданы әкімі

К. Бичуинов

Әкімдігінің
2020 жылғы 30 қарашасы
№ 387 қаулысына қосымша

Бородулиха ауданы бойынша көшпелі сауданы жүзеге асыруға арналған орындардың тізбесі.

№	Әкімшілік-аумақтық бірлік атауы	Орналасқан жері
1	Бородулиха ауылдық округі	Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік көшесі № 94 "Аян" кафесі мен автобус бекетінің арасындағы алаң.
2	Андреевка ауылдық округі	Михайличенково ауылы, Абай Құнанбаев көшесі № 34 "Удача" дүкенінің жанында.
3	Белағаш ауылдық округі	Белағаш ауылы, Орталық көшесі № 78 "Болашақ" дүкенінің жанында; Зенковка ауылы, Дружба көшесі № 3/1 "Тұлпар" дүкенінің жанында.
4	Бақы ауылдық округі	Коростели ауылы Бакинская көшесі № 13; Ауыл станциясы, 1 Май көшесі № 56.
5	Дмитриевка ауылдық округі	Дмитриевка ауылы, Кирова көшесі № 23 "Максим" дүкенінің жанында.
6	Зубаир ауылдық округі	Зубаир ауылы, Ақжол көшесі № 32.
7	Жерновка ауылдық округі	Жерновка ауылы, Кирова көшесі № 3.
8	Жезкент кенті	Жезкент кенті, Молодежная көшесі № 1/1 базардың жанында.
9	Красный Яр ауылдық округі	Красный Яр ауылы, Ленин көшесі № 33-35 арасы; Уба-Форпост ауылы, Ленин көшесі № 26.
10	Құнарлы ауылдық округі	Песчанка ауылы, Достық көшесі № 5 "Елена" дүкенінің жанында; Жарбұлақ ауылы, Мостовая көшесі 3/1 "Көктем" дүкенінің жанында.
11	Новопокровка ауылдық округі	Новопокровка ауылы, Тәуелсіздік көшесі № 58 "Батима" кафесінің жанында.
12	Новошұльба ауылдық округі	Новошұльба ауылы, Гагарина көшесі № 121 "Мираж" ғимаратының алдында.
13	Новодворовка ауылдық округі	Ивановка ауылы, Молодежная көшесі № 60 "Угловой" дүкенінің жанында.
14	Подборный ауылдық округі	Камышенка ауылы, Мира көшесі № 40.
		Переменовка ауылы, Болашақ көшесі № 55 б "Айназ-2"

15	Переменовка ауылдық округі	дүкенінің жанында; Андроновка ауылы, Ивановская көшесі № 21/1; Орловка ауылы, Победа көшесі № 4 "Ольга" дүкенінің жанында.
16	Петропавловка ауылдық округі	Петропавловка ауылы, Агиманова көшесі № 100 және 102.
17	Степной ауылдық округі	Шелехова ауылы, Школьная көшесі № 40.
18	Таврия ауылдық округі	Буркотово ауылы, Школьная көшесі № 1 "Венера" дүкенінің жанында; Сахновка ауылы, Молодежная көшесі № 16 "Александра" дүкенінің жанында.